Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ДАРА СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚТАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАЗРАБОТКЕ ЕДИНИЧНЫХ СМЕТНЫХ ЦЕН НА СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫЕ РАБОТЫ

ҚР ҚНБҚ 8.01-02-2022
НДЦС РК 8.01-02-2022

Ресми басылым

Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Нур-Султан 2022 г.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ДАРА СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚТАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАЗРАБОТКЕ ЕДИНИЧНЫХ СМЕТНЫХ ЦЕН НА СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫЕ РАБОТЫ

ҚР ҚНБҚ 8.01-02-2022
НДЦС РК 8.01-02-2022

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Нур-Султан 2022

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (ҚР ИИДМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.03.2022 ж. № 40-НҚ бұйрығымен 01.03.2022 ж. бастап

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (МИИР РК)
3 УТВЕРЖДЕН И	Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МИИР РК от 01.03.2022 года № 40-НҚ
ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	01.03.2022 г.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения ведомства уполномоченного органа в области архитектуры, градостроительства и строительства

Дара сметалық бағаларды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағаларды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағаларды әзірлеу мен ресімдеудің бірыңғай тәртібін айқындайды.

1.2 Дара сметалық бағалар сметалық құжаттаманы жасау кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындаудың сметалық құнын есептеуге арналған.

1.3 Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар жинақтарының номенклатурасы осы Әдістемелік ұсынымдарға 1-қосымшада келтірілген.

1.4 Осы Әдістемелік ұсынымдар құрылыстағы баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйымның қолдануына арналған.

2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР

2.1 Осы Әдістемелік ұсынымдарда келесі терминдер, олардың анықтамалары мен қысқартулар қолданылады:

1) дара сметалық бағалар – белгіленген өлшеуішке құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға арналған сметалық шығындарды қамтитын көрсеткіштер; есепке алынбаған материалдық ресурстар, еңбек шығынына, машиналар мен механизмдерді пайдалану уақытына арналған сметалық баға туралы ақпаратты қамтуы мүмкін;

2) материалдық ресурстар – құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде пайдаланылатын материалдардың, бұйымдар мен конструкциялардың жиынтығы;

3) құрылыс жұмыстары – жалпы құрылыс, әрлеу, санитариялық-техникалық, сондай-ақ монтаждау жұмыстарын қамтитын ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызу кезінде орындалатын жұмыстар кешені.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Дара сметалық бағалар тоқсан сайын белгіленген күнге баға деңгейінде әзірленеді.

3.2 Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағаларды әзірлеу кезінде сметалық құн құрамында белгіленген күнге баға деңгейінде есептелген мынадай көрсеткіштер ескеріледі:

еңбек шығындарының сметалық бағасы;

машиналарды пайдаланудың сметалық бағасы, оның ішінде машиналарға қызмет көрсететін жұмысшылардың (машинистердің) еңбегіне ақы төлеу;

материалдардың, бұйымдар мен конструкциялардың құны;

3.3 Дара сметалық бағалар Қазақстан Республикасының құрылысындағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжатқа сәйкес құрылыс ресурстарының сыныптауышында белгіленген кодификацияны ескере отырып, құрылыс, жөндеу-құрылыс жұмыстарына және жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар, жұмысшылардың еңбек шығындарына, құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға, материалдарға, бұйымдар мен конструкцияларға арналған қолданыстағы сметалық балалар негізінде әзірленеді.

3.4 Дара сметалық бағаларды есептеу осы Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшада келтірілген нысан бойынша жүзеге асырылады.

3.5 Материалдық ресурстар шығысының нормасы жобалық шешімдерге байланысты болған және құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған ЭСН-ның тиісті кестесінде олардың шығысының орнында «П» литерасы көрсетілген жағдайда, сондай-ақ шығысы берілген, бірақ құны ескерілмеген материалдық ресурстар, осындай материалдық ресурстардың (типін, маркасын, сыныбын және т.б. көрсете отырып) атауын дара бағалауды жасау кезінде дара сметалық бағалар жинағына қосымшаға енгізіледі.

4. ДАРА СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1 Тиісті жұмыс түрлеріне әзірленген дара сметалық бағалар кестелерге жинақталады, олар осы Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшада келтірілген нысандар бойынша жасалады.

4.2 Дара сметалық бағалар кестелеріне жинақ нөмірінен, жинақ құрамындағы бөлім нөмірінен және кестенің реттік нөмірінен тұратын шифр беріледі. Кестелерді нөмірлеу кезінде қолданыстағы дара бағалауларға толықтыруларды шығару үшін нөмірлер резервін қалдыру ұсынылады.

Дара сметалық бағаның толық белгіленуі (шифр) мынадай құрылымға ие:
XXXX-XXXX-XXXX,
онда:
1-ші және 2-ші белгілер – Кітаптың, шығарылымның нөмірі;
3-ші, 4-ші белгілер – бөлімнің (жинақтың) нөмірі;
5-ші, 6-шы белгілер – кіші бөлімнің нөмірі;
7-ші, 8-ші белгілер – топ нөмірі;
9-шы, 10-шы белгілер – кіші топ (кесте) нөмірі;
11-ші, 12-ші белгілер – баға нөмірі.

Мысалы, 6104-0101-0106 құрылыс жұмыстарына арналған дара сметалық бағада:
61 – Кітап нөмірі, шығарылым нөмірі
04 - «Құрама бетон және темірбетон конструкциялар» деген бөлімнің (жинақтың) нөмірі;
01 - «Бағандар, қабырғалар» деген бөлімнің нөмірі;
01 - «Бағандар» деген топтың нөмірі;
01 - «Бағандарды орнату» деген кестенің нөмірі;

06 - «Төмен тұрған бағандарға бағандарды орнату, салмағы 4 тоннаға дейін» дешен дара бағалаудың реттік нөмірі.

4.3 Дара сметалық бағалар жинақтары техникалық бөлікті, сметалық нормалар кестелері мен қосымшаларын қамтиды.

4.4 Дара сметалық бағалар жинақтарының техникалық бөлігі мынадай бөлімдерді қамтиды:
«Жалпы бөлік»;
«Жұмыстардың көлемін есептеу».

4.5. «Жалпы бөлік» деген бөлімге дара сметалық бағаларда ескерілген жұмыстарды жүргізудің негізгі көрсеткіштері, ерекшеліктері мен шарттары туралы ақпарат, сондай-ақ дара сметалық бағаларды қолдану тәртібі туралы жалпы талаптар мен ережелердің тізбесі енгізіледі.

4.6 «Жұмыстардың көлемін есептеу» деген бөлімге қағидалар, формулалар және жұмыстардың көлемін есептеу мысалдары енгізіледі.

4.7. Қажет болған жағдайда «Қосымшалар» деген бөлімге мыналар енгізіледі:

4.7.1 Анықтамалық материалдар:

топырақты топтар бойынша жіктеу, дара бағалаулармен ескерілген материалдардың айналымдылығы, бетон сыныптары және т. б. – құрылыс, арнайы құрылыс және жөндеу-құрылыс жұмыстары үшін;

жеке сынақ және басқа мақсаттар үшін материалдық ресурстардың шығысы, материалдық ресурстар қалдықтарының нормалары, жобалық деректер бойынша айқындалатын материалдар тізбесі және т. б. – жабдықты монтаждау бойынша жұмыстар үшін;

жүйелердің техникалық күрделілігінің санаттары және олардың сипаттамалары, шартты белгілері, іске қосу-жөндеу жұмыстарының толық кешенінің құрылымы және т. б. – іске қосу-жөндеу жұмыстары үшін;

4.7.2 Тиісті жұмыс түрлерін жүргізудің ерекшеліктерін ескеретін коэффициенттер. Бұл коэффициенттер жұмыс жағдайлары өзгерген және т.б. кезде ұқсас жұмыс түрлеріне арналған дара сметалық бағалардың санын азайту мақсатында әзірленеді. Мұндай коэффициенттерді бөлімге енгізу қажеттілігі негізделуі, ал олардың шамалары тиісті есептеулермен расталуы тиіс.

«Қосымшалар» деген бөлімге енгізілген коэффициенттер Қазақстан Республикасының аумағында құрылыс өнімінің құнын айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда келтірілген жұмыстарды жүргізудің қиындатылған және басқа да күрделенген жағдайларын ескеретін коэффициенттерді қайталамауға тиіс;

4.7.3 Еңбек шығындарына арналған сметалық бағалардың көрсеткіштері, машиналар мен механизмдерді пайдалануға арналған сметалық бағалар, сондай-ақ дара сметалық бағалардың тиісті жинақтарын әзірлеу кезінде пайдаланылған материалдарға, бұйымдар мен конструкцияларға арналған сметалық бағалар.

5. ДАРА СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАР ЖОБАЛАРЫН РЕСІМДЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ҰСЫНУ

5.1 Дара сметалық бағалардың жобалары және оларға негіздеуші материалдар заңнамада белгіленген тәртіппен сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға бекітуге ұсынылады.

5.2 Дара сметалық бағалар жинағының әрбір әзірленген жобасы үшін мынадай негіздеуші құжаттар ресімделеді:

осы Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаның нысаны бойынша дара сметалық бағалар кестесінің жобасы;

дара сметалық бағаны әзірлеу қажеттілігінің негіздері келтірілген түсіндірме жазба әзірленетін дара сметалық бағаның түрі (оны кейіннен қолданыстағы дара сметалық бағалар номенклатурасына енгізу үшін), сондай-ақ дара сметалық баға әзірленген бағалар деңгейі;

дара сметалық бағаны есептеу кестесі;

5.3 Дара сметалық бағалар кестесінің жобасы және осы жобаға негіздеуші құжаттар дара сметалық бағаларды әзірлеушінің және тапсырыс беруші ұйымның уәкілетті өкілдерімен келісіледі. Кестенің жобасына келісілген құжаттар мен түсіндірме жазба белгіленген тәртіппен мемлекеттік биліктің уәкілетті атқарушы органына бекітуге жіберіледі.

1-қосымша

Дара сметалық бағалар жинақтарының номенклатурасы

1-кесте. **Құрылыс жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар**

Жинақтың нөмірі	**Жинақтың атауы**
1	**2**
1-кітап	**Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)**
1	Жер жұмыстары
2	Қада қағу жұмыстары
3	Монолитті бетон және темірбетон конструкциялар
4	Құрама бетон және темірбетон конструкциялар
5	Тас конструкциялар
6	Металл конструкциялар
7	Ағаш, гипсокартон, ПВХ және алюминий конструкциялар
8	Ойықтар
9	Едендер
10	Жабындылар
11	Оқшаулау жұмыстары
12	Әрлеу жұмыстары
13	Аумақтарды көгалдандыру, абаттандыру
14	Құбырлардың ішкі жүйесі

15	Су құбыры мен кәріздің ішкі жүйесі
16	Ішкі жылыту жүйесі
17	Газбен жабдықтаудың ішкі жүйесі
18	Ішкі желдету және ауа баптау жүйесі
19	Электрмен жарықтандырудың ішкі жүйесі
20	Көтергіш-көлік жабдығы
21	Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері
22	Сыртқы кәріз желілері
23	Сыртқы жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау желілері
24	Электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері
25	Әлсіз токты желілер
2-кітап	**Желілік құрылыстар**
1	Автомобиль жолдары

_____

* Құрылыс жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар жинағының толық шифры ағымдағы баға деңгейінде жинақтың реттік нөмірін (01-25) білдіретін «61» шифрынан тұрады.

2-қосымша

Дара сметалық бағаны есептеу кестесі (нысан)

ТОП_____

КЕСТЕ _____

Код **ЭСН коды**	**Атауы**	**Өлш. бірл.**	**Өңірлер бойынша сметалық бағалар, теңге**								
			01 **02**	**03** **04**	**05** **06**	**07** **08**	**09** **10**	**11** **12**	**13** **14**	**15** **16**	**17**

Кестенің ескерілмеген ресурстары _____

Код	**Атауы**	**Өлш. бірл.**	**Шығыс**